

**Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің
10.11.2021 жылғы жалпы отырысының
стенограммасынан үзінді көшірме
Отырысты Қазақстан Республикасы Парламенті
Мәжілісінің Төрағасы Н. НИГМАТУЛИН жүргізді.**

**Выписка из стенограммы пленарного заседания
Мажилиса Парламента Республики Казахстан
от 10.11.2021 года
Вел заседание Председатель
Мажилиса Парламента Республики Казахстан
Н. НИГМАТУЛИН.**

ТӨРАҒА. Құрметті әріптестер, келесі мәселе – «Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Тәжікстан Республикасының Үкіметі арасындағы өтеусіз әскери-техникалық көмек көрсету туралы келісімді ратификациялау туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасы жөнінде. Бұл мәселе бойынша баяндама жасау үшін сөз Қорғаныс министрінің орынбасары Руслан Нұртөлеуұлы Шпекбаев мырзаға беріледі.

ШПЕКБАЕВ Р.Н. Құрметті Нұрлан Зайроллаұлы! Құрметті депутаттар! Сіздердің назарларыңызға Тәжікстан Республикасымен өтеусіз әскери-техникалық көмек көрсету туралы үкіметаралық келісімді ратификациялауды көздейтін заңның жобасы ұсынылады.

Келісімге 2021 жылғы 17 сәуірде Қазақстан Республикасы Президентінің 2020 жылғы Тәжікстан Республикасының Президентімен кездесу қорытындылары бойынша тапсырмасын және Тәжікстан тараптың әскери-техникалық көмек көрсету туралы сұрау салуын іске асыру мақсатында қол қойылды.

Келісім Тәжікстан тарапына әскери мүлікті, атап айтқанда, оқ-дәрілерді бір рет беруді көздейді.

Қазақстан тарапы әскери мүлікті Жамбыл облысының Отар станциясынан Душанбе қаласына дейін темір жол көлігімен жеткізуді қамтамасыз етіп, оған байланысты барлық шығысты өзі көтереді.

Тәжікстан тарапы Қазақстаннан алған әскери мүлікті немесе оны пайдалану құқығын үшінші тарапқа бермейді.

Әскери мүлікті Тәжікстан Республикасына беру Қазақстанның жауынгерлік әзірлігі мен қорғаныс қабілетіне ықпал етпейтінін атап өту қажет, өйткені бұл көмек Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің ағымдағы жабдықтау қорынан нормативтен тыс көрсетіледі.

Тәжікстан-Ауғанстан шекарасына іргелес аудандарда қауіпсіздік бағытында қалыптасқан жағдайға, сондай-ақ өңірлік қауіпсіздікке төнетін сын-қатерлердің өршуіне байланысты әскери-техникалық көмек көрсету Тәжікстан Республикасы Қарулы Күштерінің осы қатерлерге тойтарыс беруін

күшейтуге және барлық Орталық Азия өңірінің қауіпсіздігін нығайтуға мүмкіндік береді.

Занды қабылдау республикалық бюджеттен қосымша қаражат бөлуді талап етпейді, теріс әлеуметтік-экономикалық немесе құқықтық салдарға әкелмейді.

Құрметті депутаттар, колдауыңызды сұраймын.

Назарларыңызға рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Құрметті депутаттар, сұрақ беру рәсіміне көшеміз. Сөз депутат Шиповских Геннадий Геннадиевичке беріледі.

ШИПОВСКИХ Г.Г. Рақмет, құрметті Нұрлан Зайроллаұлы.

Құрметті Руслан Нұртөлеуұлы! Келісімнің 1-бабында Қазақстан Тәжікстанға әскери мүлікті беру түрінде өтеусіз әскери-техникалық көмек көрсетеді деп көзделген.

Әскери мүлікті беруден басқа, екі ел арасында әскери ынтымақтастықтың маңызды элементтері – әскери кадрларды оқыту, бірлескен жауынгерлік даярлық пен бірлескен оқу-жаттығуларды ұйымдастыру болып табылады.

Осыған байланысты, құрметті Руслан Нұртөлеуұлы, екі елдің қорғаныс ведомстволары арасында көрсетілген бағыттарда жүргізіліп жатқан бірлескен жұмыстар туралы айтып берсеңіз. Рақмет.

ШПЕКБАЕВ Р.Н. Өзара іс-қимыл жауынгерлік даярлық, кадр даярлау, әскери-техникалық көмек көрсету бағыты бойынша жүргізіледі, жыл сайын «Тұран» оқу-жаттығулар өткізіледі, сондай-ақ әртүрлі оқу-жаттығуларға, армиялық ойындарға қатысады. Осы уақытқа дейін Қазақстанда Тәжікстанның 209 әскери қызметкері оқыған болатын, қазір 78 адам оқып жатыр. Рақмет.

ТӨРАҒА. Сөз депутат Бойчин Анатолий Васильевичке беріледі.

БОЙЧИН А.В. Спасибо, уважаемый Нурлан Зайруллаевич.

Уважаемый Руслан Нуртолеуович! В соответствии со статьей 1 соглашения безвозмездная военно-техническая помощь предоставляется в виде передачи военного имущества, указанного в перечне.

Поясните, пожалуйста, по какому принципу был сформирован указанный перечень?

ШПЕКБАЕВ Р.Н. При формировании перечня передаваемого имущества исходили из потребностей, которые были в заявке Вооруженных Сил Таджикистана, а также из возможностей наших Вооруженных Сил.

ТӨРАҒА. Ясно. Железобетонный принцип.

Наверное, в первую очередь это в соответствии с межправительственным договором, в котором четко было определено, а также в связи с нахождением рядом афганской границы, соответственно, и перечень был. Там есть все, что относится к пехоте. Второе – оборудование противопехотного разминирования. Все, что есть в материалах. Так надо было докладывать.

Рақмет, Руслан Нұртөлеуұлы. Сұрақтарымыз аяқталды. Орныңызға отырыңыз.

Енді, құрметті әріптестер, қосымша баяндама жасау үшін сөз Халықаралық істер, қорғаныс және қауіпсіздік комитетінің мүшесі депутат Саиров Ерлан Бияхметұлына беріледі.

САИРОВ Е.Б. Рақмет, құрметті Нұрлан Зайроллаұлы.

Қадірменді әріптестер! Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев ТМД мемлекеттері басшыларының Душанбе кездесуінде Ауғанстандағы жағдайға байланысты ТМД елдерінің сыртқы шекараларын нығайтуға ерекше назар аударды.

Аталған келісімді қабылдау Орталық Азиядағы қауіпсіздікті нығайтуға, Ауғанстан бағытындағы геосаяси жағдайға байланысты Тәжікстан Республикасының Қарулы Күштерін дамытуға жәрдемдесуге бағытталған.

Келісімнің мақсаты – Қазақстан Республикасының Тәжікстан Республикасына ок-дәрілерді бір реттік беруі үшін құқықтық негіз құру мәні бүгінгі күрделі кезеңде сыртқы шекараларда Қазақстанның ұлттық мүдделерін қорғау.

Шартты ратификациялау Қазақстанның сыртқы шекараларының қауіпсіздік дәрежесін арттыруға және Қазақстан мен Тәжікстан арасындағы әскери саладағы ынтымақтастықты нығайтуға мүмкіндік береді.

Мәжілістің барлық комитеттері оң қорытындыларын берді.

Заң жобасы жұмыс тобы мен комитеттің отырыстарында жан-жақты қаралды.

Осы айтылғандарды ескере отырып заң жобасын мақұлдап, Парламент Сенатының қарауына жіберуді ұсынамын.

Қолдауларыңызды сұраймын.

ТӨРАҒА. Рақмет, Ерлан Бияхметұлы.

Құрметті депутаттар, енді заң жобасын талқылауға көшеміз. Сөз депутат Сапарова Әлия Сүйіндікқызына беріледі.

САПАРОВА Ә.С. Құрметті Нұрлан Зайроллаұлы! Құрметті әріптестер! Мемлекет басшысы, Жоғарғы Бас Қолбасшы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев биылғы жылғы мамырда болған Душанбеге ресми сапары барысында Қазақстан Республикасы мен Тәжікстан Республикасы арасындағы қарым-қатынастың негізі және стратегиялық әріптестік туралы шарттарда бекітілген қағидаттар мен міндеттемелерді бұлжытпай ұстанатындығын атап өткен болатын.

Сонымен қатар Ауғанстандағы қауіпсіздікті қамтамасыз ету, осы елдегі бейбіт процесті ілгерілету және оны әлеуметтік-экономикалық қалпына келтіру жөніндегі шараларды ескере отырып, өңірдегі елдердің өзара іс-қимыл жасау мәселелері жандандырылуда.

Осыған байланысты екіжақты және көпжақты қатынастардың маңызды элементі – әскери және әскери-техникалық ынтымақтастық болып табылады.

Тәжікстан Республикасымен өтеусіз әскери-техникалық көмек көрсету туралы қаралып отырған келісім екі ел арасындағы әскери-техникалық

